

Хаттама №9

Кезекті мектепшілік қамқоршылық кеңестің отырысы өтті.

«Төлесін Әлиев атындағы
№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

28.11.2025ж.

Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандар:

I. Комиссия төрайымы : Алиева Аккенже
Қамқоршылық кеңес мүшелері: Досниязов Төлеген
Овезова Балкенже
Жайлыбаева Анар
Әнесова Гаухар
Қорганбаева Майра
Бердибаева Арша

II. Жумаханов Еркасым Итибаевич - мектеп директоры
Таджибаева Сағыныш Коянбаевна – әлеуметтік педагог
Мынбаева Айнагул Канатовна -МБТЖО

Күн тәртібінде :

1. 2025/2026 оқу жылындағы жетім, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының және мүгедек балалардың акциясымен қамтамасыз етілуі және көрсетілген көмектер туралы .
I тоқсан есебі.
2. Мектеп директорының Тәрбие жөніндегі орынбасарының Балалар қылмысы мен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстарының есебі.

Тыңдалды:

Алғашқы сөз қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Аккенже күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

I. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы С.К.Таджибаева сөз алып, 2025/2026 оқу жылындағы жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының ішінен көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан оқушыларға көрсетілген көмектер туралы мәлімдеді.

Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Төлесін Әлиев атындағы №1 жалпы білім беретін мектеп» КММ – де өткен «Мектепке жол» акциясының жалпы республикалық акциясы ұйымдастырылды. Акцияға сәйкес, қалалық білім бөліміне 30 оқушының тізімі жолданғандығын, осы 30 оқушыға Жаңаөзен қалалық білім бөлімі тарапынан қаламыздағы мекемелерге хат жолданып, мекемелерден жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға, аз қамтылған отбасы балаларына, көп балалы отбасы балаларына, мүгедек оқушыларға мектеп формасы мен оқу құралдарын алу үшін қаржылай және материалдық көмектер көрсетілгендігін айтты.

мектепке жол акциясы барысында Халық банктің ұйымдастыруымен қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып 1 сыныптан 7 оқушыға сумка, оқу құралдары берілді.

Үйден оқитын 1 оқушыға 50000 тг. қаржылай көмек көрсетілді.

Жеке кәсіпкер Г.Д.Аджибаеваға хат жолданып, 4 оқушыға 500000 (елу мың) теңгеден мектепке қажетті киімдерін алу үшін қаражат берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысына сәйкес, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмекке мұқтаж білім алушыларға әр балаға киім, аяқ киім, оқу-жазу құралдарын сатып алу үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен емес мөлшерде әр балаға 50000 (елу мың) теңгеден 271 оқушының ата-аналары мен қамқоршыларының халық банкісіне тиесілі картесеп шотына бөлінген ақшалай қаражат аудару түрінде әлеуметтік көмек берілгендігін айтып өтті.

Сөз сөйлеу:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Аккенже сөз алып, өз сөзінде әлеуметтік педагогтың жұмысын өте жақсы деп бағалады.
2. Қамқоршылық кеңес мүшесі Алиева Аккенже жылдық жоспарда көрсетілген I тоқсан қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік педагогы С.К.Таджибаеваның берген есебінің көңілінен шыққандығын айтты.

II. Мектеп директорының Тәрбие жөніндегі орынбасары А.Мыңбаева 2025/2026 оқу жылында «Ішкі тәртіп ережелері» туралы мектеп директоры бекіткен бұйрығы шыққандығы туралы осы бұйрық бойынша мектеп оқушыларының формасы туралы жалпы ережелерімен сынып жетекшілері, мектеп оқушылары, ата-аналар таныстырылғанды туралы айтып өтті.

Мектеп жарғысына сай оқушылардың мектептің киім үлгісін сақтауына және сабаққа қатысы күнделікті тексеріліп отыратындығын айтты.

Ұялы телефондарды қолдану мәдениеті туралы сынып жетекшілері ата-аналар мен оқушылар арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп отырады.

2025–2026 оқу жылының II тоқсанында мектебімізде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы жөнінде қысқаша қорытынды ақпаратты ұсынды.

Аталған бағдарлама білім алушылардың бойында адамгершілік, адалдық, әділдік, жауапкершілік, отансүйгіштік, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, сондай-ақ қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығын айтты.

2025–2026 оқу жылының басында мектеп директоры Е.И.Жумахановтың «Ішкі тәртіп ережелері» №73/04 –НҚ, 28.08.2015ж туралы бұйрығы шыққандығын айтып өтті.

Мектеп оқушыларының формасы туралы жалпы ережелерімен сынып жетекшілері, мектеп оқушылары, ата-аналары танысты. Мектеп жарғысына сай оқушылардың мектептің киім үлгісін сақтауына және сабаққа қатысты күнделікті тексеріліп отырады.

Ұялы телефонды қолдану мәдениеті туралы сынып жетекшілері, ата-аналар мен оқушылар арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп отырады.

Жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу мақсатында мектепшілік «Жігерлендіру» тобы құрылып, құрамы бекітілген.

«Жігерлендіру» тобы жасақталған кезекшілік кестесі бойынша айына 1 рет кешкі рейд жұмыстарына шығып тұрады.

Оқу жылының басында біздің мектебімізге тұрақты инспектор Б.Спаев бекітілген. Мектеп инспекторы Б.Спаев, МБТЖО Б.Сапаров, А.Мынбаева, полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып әр аптаның бейсенбі күні, «Құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында оқушылар арасында 19 жиналыс өткізді. Оқушылармен, ата-аналармен мектеп психологы А.Меңдіғали жеке жұмыстар жүргізіліп отырады. Мектеп ішіндегі ішкі тәртіпті бақылау мақсатында жас полиция көмекшілері мектеп инспекторымен бірлесе отырып мектепшілік рейдтер, түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Қиын, қиынға бейім» оқушылармен мектепшілік шараларда, мерекелік кештерде кезекшілікке бақылау жасап құқықбұзушылықтың алдын-алу бағытында жұмыстар жүргізуде.

Мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кеңес құрып, қиын және қиынға бейім оқушылармен жұмыс жасап, жақсы тәрбие беру үшін «Қиын, қиынға бейім» оқушыларды қадағалау мақсатында кеңесінің құрамы бекітілді.

Мектепте қиын оқушыларды профилактикалық кеңеске салып, тәртіпке шақырып, қадағалап отырады.

Қазіргі таңда қылмыстың көбеюіне байланысты оқушыларды профилактикалық кеңеске салып алдын алу мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді. 2025/2026 оқу жылында жалпы білім беретін мектепте 1202 оқушы білім алады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша 2025/2026 оқу жылында 1 білім алушы ПБ Ювеналды полиция тобында профилактикалық есебіне тіркелген, яғни қалалық есепте. «Қиын және қиынға бейім» ретінде мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы таныстырды.

Құқықбұзушылықтың алдын алуда үнемі қалалық рейдтік шаралар айына 1 рет өткізіледі. Мектепшілік мобильдік топтар аптасына 1 рет «Шаңырақ» шағынауданы бойынша рейд шаралары ұйымдастырылады. Іс-шаралар барысында жасөспірімдердің мезгілсіз уақытта заңды өкілінің ертуінсіз 23:00-ден кейін жүрген жасөспірімдерге ескертулер берілді.

Қала аумағына жасөспірімдер арасында және оларға қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында, жасөспірімдердің кешкі мезгілде мейрамханаларда, кафелерде жұмыс жасайтынын анықтау мақсатында қалалық полиция басқармасының ювеналды топ инспекторларымен бірлікте түнгі рейдтік профилактикалық шара ұйымдастырылады. Шараға мектеп директоры, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және сынып жетекшілер қатысты.

Қиын, қиынға бейім оқушылармен айына 2 рет профилактикалық кеңес өткізіліп тұрады.

Ата-ана және мектеп болып оқушыларды тәртіпке салуға міндетті.

Ұлдар жиналысы, қыздар жиналысы жоспар бойынша өз уақытында өткізіліп отырады. Аптасына екі рет оқушыларға рейд жүргізіп отырамыз.

Жалпы «қиын» балалармен жұмыс жасау түрлері:

Ең әуелі сабаққа деген қызығушылығын ояту;

Жеке талап қою оқушының өзіне деген сенімін бекіте түсу;

Өзінің мүмкіндігін тексере отырып, түрлі қоғамдық шараларға қатыстыру арқылы дамуына ықпал ету;

Оқушының сынып ұжымында беделін және мектепке деген көзқарасын қалыптастыру.

Қорытындылай келсек, бала, ата – ана және мектеп осы үш бірлік бірлесе жұмыс атқарғанда ғана нәтижеге қол жеткізе аламыз деді.

Сөз сөйлеу:

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі Әнесова Гаухар мектептің тәрбие жөніндегі орынбасарының берген есебінің көңілінен шыққандығын айтты.


2. Қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Аккенже баланы бастан тәрбиелеу керек деп айта келе көңілінен шыққандығын жеткізді.

Комиссия отырысының шешімі:

1. I тоқсан бойынша берілген есеп қанағаттанарлық деп табылсын.


2. 2025/2026 оқу жылында да әр тоқсан сайын жоспар бойынша есеп беру жалғасын тапсын.

Комиссия төрайымы :
Қамқоршылық кеңес мүшелері:



Алиева Аккенже
Досниязов Төлеген
Овезова Балкенже
Жайлыбаева Анар
Әнесова Гаухар
Қорғанбаева Майра
Бердибаева Арша
Таджибаева Сағыныш

Хатшысы:



«Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Қиын, қиынға бейім» оқушылармен атқарылған жұмыстарының мәліметі

Сіздердің назарларыңызға 2025–2026 оқу жылының ІІ тоқсанында мектебімізде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы жөнінде қысқаша қорытынды ақпаратты ұсынамын.

Аталған бағдарлама білім алушылардың бойында адамгершілік, адалдық, әділдік, жауапкершілік, отансүйгіштік, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, сондай-ақ қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

2025–2026 оқу жылының басында мектеп директоры Е.И.Жумахановтың «Ішкі тәртіп ережелері» №73/04 –НҚ, 28.08.2015ж туралы бұйрығы шықты.

Сол бұйрық бойынша мектеп оқушыларының формасы туралы жалпы ережелерімен сынып жетекшілері, мектеп оқушылары, ата-аналары танысты.

Мектеп жарғысына сай оқушылардың мектептің киім үлгісін сақтауына және сабаққа қатысты күнделікті тексеріліп отырады.

Ұялы телефонды қолдану мәдениеті туралы сынып жетекшілері, ата-аналар мен оқушылар арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп отырады.

Жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу мақсатында мектепшілік «Жігерлендіру» тобы құрылып, құрамы бекітілген.

«Жігерлендіру» тобы жасақталған кезекшілік кестесі бойынша айына 1 рет кешкі рейд жұмыстарына шығып тұрады.

Оқу жылының басында біздің мектебімізге тұрақты инспектор Б.Спаев бекітілді.

Мектеп инспекторы Б.Спаев, МБТЖО Б.Сапаров, А.Мынбаева, полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып әр аптаның бейсенбі күні, «Құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында оқушылар арасында 19 жиналыс өткізді. Оқушылармен, ата-аналармен мектеп психологы А.Меңдіғали жеке жұмыстар жүргізіліп отырады. Мектеп ішіндегі ішкі тәртіпті бақылау мақсатында жас полиция көмекшілері мектеп инспекторымен бірлесе отырып мектепшілік рейдтер, түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Қиын, қиынға бейім» оқушылармен мектепшілік шараларда, мерекелік кештерде кезекшілікке бақылау жасап құқықбұзушылықтың алдын-алу бағытында жұмыстар жүргізуде.

Мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кеңес құрып, қиын және қиынға бейім оқушылармен жұмыс жасап, жақсы тәрбие беру үшін «Қиын, қиынға бейім» оқушыларды қадағалау мақсатында кеңесінің құрамы бекітілді.

Мектепте қиын оқушыларды профилактикалық кеңеске салып, тәртіпке шақырып, қадағалап отырады.

Қазіргі таңда қылмыстың көбеюіне байланысты оқушыларды профилактикалық кеңеске салып алдын алу мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді. 2025/2026 оқу жылында жалпы білім беретін мектепте 1202 оқушы білім алады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша 2025/2026 оқу жылында 1 білім алушы ПБ Ювеналды полиция тобында профилактикалық есебіне тіркелген, яғни қалалық есепте. «Қиын және қиынға бейім» ретінде мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы мәлімет.